# Пародонттың қабыну және қабыну-деструкциялық аурулары.Жылдам дамитын пародонтит

Орындаған:Салимбекова Ж
Факультет: Жалпы медицина
Топ:12-11-02
Тексерген:

# Жоспар

- Пародонт дегеніміз не ?
- Пародонтит себептері және клиникасы
- Пародонтоз
- Пародонтит емі және профилактикасы

# Пародонт дегеніміз не ?

- Пародонт — бұл тісті қоршап оның жақтың сүйектеріне фиксациясын қамтамасыз ететін тіндерді жиынтығы.Бұл жиынтыққа қызыл иекті,периодонтты байламдарды,альвеолярлы өсіндінің сүйекті тіндерін және тіс түбірінің цементін жатқызады.



# Пародонтит дегеніміз не ?

- Пародонтит — бұл қабынулық үрдіс болып табылады,пародонттың барлық құрылымдары қамтылады.Ол қызыл иек тіс байланысының бұзылысымен және жақ сүйегінің альвеолярлы өсінділердің өршіген деструкциясымен көрінеді.



- **Препубертатты пародонтит**. Үрдіс бала кезінде пайда болады,тұрақты және сүт тістер де қатысады.Ерте бастан басталуының себебі мұндай науқастарда жалпы қорғаныс механизмдерінің ақауы моноциттердің және полиморфтыядролы лейкоциттердің болмауынан.Бұл кезде дәрігерлер микробқа қарсы бақылауды күшейтеді. Бірақ нәтиже беру үшін басқа да мамандардың араласуы қажет етеді қан жасушаларының ақауын медикаментозды әсер ету арқылы жоюға тырысу керек.
- **Ошақты ювенильді пародонтит.** Бұл түрінде алғашқы тұрақты тістердің тірек жүйесінің зақымдануынан . Ауру Actinobacillus Actinomycetes comitans түрімен шақырылады.Көбінесе ата анасы микорганизм тасымалдаушы болып келген балаларда кездеседі.Үрдіс аз қабыну үрдісінен басталады.Оның тез басталуының себебі бұл микроорганизм лейкоциттердің хемотаксисін басатын қасиетке иесол снбепті рған қарсы антидене түзіліп үлгермейді.Емі белсенді түрде бактерияға қарсы үш айға дейін тағайындау.

# Себептері

- Пародонтиттің басты себебі – тіс шөгінділердің жиналып қалуы, ол қатайып тіс тасына айналады.
- Тіс тасының жиналуына көптеген факторлар ықпал етеді ,тәтті тағамдарды қабылдау,ауыз қуысының нашар гигиенасы және темекі шегу.
- Кейбір жағдайларда тұқымқуалауға бейімділігі бар адамдарда көрінеді.Қант диабеті мен ауыратын адамдарда кездеседі.
- Сирек жағдайларда гормональды бұзылыстар кезінде мысалы екі қабат әйелдерде,менапауза кезінде.
- В,С витаминдерінің жетіспеушілігі кезінде және кальций жетіспеген кезде пайда болады.

# Симптомдары

- Ең ерте сатысында пародонтит гингивит түрінде өтеді – қызылиектің  қабынуы,ол ауырсынусыз дамуы мүмкін,немесе қызылиектің ауыруы мен қанауына әкелуі мүмкін.Егер гингивитті емдемесе кейіннен аурудың өршуіне алып келіп пародонтиттің дамуына себепші болады.
- Ерте сатыларда пародонтит симптомдары әлсіз көрінеді.Ең бірінші маңызды белгі тісті тазалағанда,қатты тағам тістегенде қанау белгілері білінген кезде.

- Пародонтиттің басты белгілері
-

- Қызыл иектің ісінуімен қанауы.
- Қызыл иектің сезімталдығының жоғарылауы
- Тісқызылиек қалталарының  пайда болуы.
- Тістердің орнынан қозғалуы.
- Қызыл иек пен тістердің арасында іріңді бөліндiлердің шығуы.
- Ауыздан жағымсыз иістің шығуы және дәм сезудің бұзылуы.

# Ауырлық дәрежесі бойынша пародонтиттің жіктелуі

- **Жеңіл сатысы**
- Бұл сатыда пародонтті қалталардың пайда болуы, олардың тереңдігі 3,5 мм шамасында.
- Тістер қозғалмайды.
  **Орташа сатысы**
- Пародонтты қалталардың тереңдігі 5 мм шамасында, альвеолярлы сүйек кішірейеді.Тістердің бірінші екінші дәрежеде патологиялық қозғалуы байқалады.
- **Ауыр сатысы**
- Пародонтты қалталардың тереңдігі 5 мм асады альвеолярлы сүйек тіс түбірінен кішірейеді 3-4 дәрежелік тістердің қозғалғыштығы немесе кейбір тістердің түсуі байқалады.

# Профилактикасы және емі

- Бүгінгі таңда гигиеналық заттар мықты: сапалы паста мен щеткалар бар.Бірақ қиындық басқада болып тұр, тіс пен қызыл иекті тиісті деңгейде тазалау: тістің  бір бетін 20 реттен кем емес жүргізіп өту керек.Ол үш минуттан кем болмауы тиіс немесе микробтар қалып қоюы мүмкін. Тістердің арасын флосстардың(жіптердің) көмегімен өңдеу керек.Сонымен қатар балаларды ерте жастан бастап тіс жуудың жолдарын үйрету, күніне кем дегенде екі рет.Дәрігер тыңғылықты түрде тиісті өңдеу жасап отыруы тиіс ,қажетті преараттарды тағайындау керек микроорганизмдердің белсенділігін басу микроптардың  жиналып қалуын болдырмау.Бұл мақсатта ең әсерлісі **хлоргексидин биглюканат** жақсы әсер етеді.Сонымен қатар ол белсенді түрде герпес вирустарын,саңырауқұлақтарды,ауруды басатын әсер көрсетеді.Бұл дәрінің кемшілігі тұрақты ащы дәм,дәріні  науқастар дәріні өздігінен қабылдайды,ем ұзақтығы  5-7 күн.








Adento.ru


blend-a-med
COMPLETE ЭКСТРА СВЕЖЕСТЬ

- Пародонтитті емдеу ең бірінші кезеңде микробтық шөгінділерді ,тастарды және парондонттық қалтадағы грануляцияны алып тастау.Қалта терең болған кезде оны өңдеу үшін тек хирургиялық жолмен ғана жүзеге асырылады.Операциядан кейін ең басты мақсат микробтардың кіруін болдырмау.Ал оған қол жеткізу қиын бұл кезде профилактика ретінде ауыз қуысының сапалы қадағаланған гигиенасы,микробтарға қарсы ауызды шайқау,қазіргі таңда **корсидил** ең күшті әсерлі дәрі болып табылады.

# Жылдам дамитын пародонтит

- Арнайы микрофлорамен шақырылады : Porphyromonas gingivalis (ертеде — бактериоидтар) Actinobacillus Actinomycetes comitans и Prevotella intermedia. Осы микрофлоралардың қосылуы жиі кездеседі. Бұлардың қосылуы оң синергиялық әсер көрсетеді,бұлар тіндерге деструктивті бұзылыстарды ғана емес қорғаныш жасушаларының әсерін де басып тастайды. Сонымен қатар бұл микроорганизмдер тіндерге тереңірек енеді.Емі пародонтты қалталарды механикалық өңдеу мен қарқындыт микробқа қарсы терапиядан тұрады.



# Пародонтоз

- Пародонтоз- бұл пародонт тініндегі атрофия дистрофиялық процессті айтады.Бұл аурудың симптомдары айқын емес. Науқас дәрігерге қандай шағымдармен келеді ?
- Косметикалық ақаулармен тіс түбірінің жалаңаштануы мен тіс түбірінің ұлғаюы.Кейбір жағдайларда қызылиектегі қышу сезімі жалаңашталған тістердің тұсында ауыру сезімі.Бұл патологияның себібі анықталмаған оны инволюциялық үрдістердің алдын ала пайда болуы ретінде қарастырады немесе пародонттағы жалпы бұзылыстардың салдарынан.Емі себебі анықталмағандықтан симптоматикалық сезімталдығын төмендетеді,массаж тағайындайды.

